

## Ауғанстан Ислам Республикасы мен Өзбекстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 461 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналарға:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Ауғанстан Ислам Республикасына;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Өзбекстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыларды айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ізгілік жүкті Ауғанстан Ислам Республикасы мен Өзбекстан Республикасындағы межелі пункттерге дейін тасымалдау мен жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Сыртқы істер, Қаржы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 20 шілдедегі  
№ 461 қаулысына  
1-қосымша

## Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтардың тізбесі

Р / с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Мөлшері
1	2	3	4
1	Көрпе қаптар	дана	500
2	10 орындық қысқы шатырлар	дана	50

3	Жиналмалы металл кереуеттер	дана	500
4	Матрастар	дана	500
5	Жастық тыстары	дана	500
6	Жастықтар	дана	500
7	Ақжаймалар	дана	1000
8	Көрпелер	дана	500
9	Жылы күртешелер	дана	500
10	Жылы шалбарлар	дана	500
11	Тоқыма бас киімдер	дана	400

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2020 жылғы 20 шілдедегі  
 № 461 қаулысына  
 2-қосымша

## Өзбекстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтардың тізбесі

Р / с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Мөлшері
1	2	3	4
1	Жоғары сұрыпты бидай ұны	тонна	600
2	Қарақұмық жармасы	тонна	250
3	Өсімдік майы	литр	100 000
4	Сүт консервілері	физикалық банка	50 000